

**"Инвестициялық стратегиялық жобалар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 1 қыркүйектегі № 1293 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы"**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 25 сәуірдегі № 398 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 8 тамыздағы № 543 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.08.2022 № 543 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Инвестициялық стратегиялық жобалар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 1 қыркүйектегі № 1293 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 37, 358-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Инвестициялар туралы" 2003 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 1-бабының 10) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**";

көрсетілген қаулымен бекітілген инвестициялық стратегиялық жобалардың тізбесі мындай мазмұндағы реттік нөмірі 30-жолмен толықтырылсын:

"

30	"Казхром" трансұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының филиалы – Ақтөбе феррокорытпа зауытының феррохром өндіру жөніндегі № 4 балқыту цехын жобалау және салу"
----	---

".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов